АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ
МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АУДАНАРАЛЫҚ
ЭКОНОМИКАЛЫҚ СОТЫ

СПЕЦИАЛИЗИРОВАННЫЙ
МЕЖРАЙОННЫЙ ЭКОНОМИЧЕСКИЙ
СУД АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ

040800, Қазақстан Республикасы, Алматы облысы., Қонаев қаласф., Қонаев көшесі, №5, тел: 87784555505;
факс: 87784555505; email: 728-2460@sud.kz

040800, Республика Казахстан, Алматинская область, город Конаев, улица Конаев, 5, тел: 87784555505;
факс: 87784555505; email: 728-2460@sud.kz

29.07.2025 № 1912-25-5-29/9427

Аппарат акима Кегенского района
Алматинской области

Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты сізге талап қоюшы «Кеген ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер «AVG» атынан әрекет ететін Багила Тохтагуловна Аекееваға қатысты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану, тұрақсыздық айыбын өндіру туралы №1912-25-00-2/1186 азаматтық ісі бойынша заңды күшіне еңгені туралы белгісі бар сот шешімінің көшірмесін **орындауға ұсыну үшін** жолдайды.

Тіркеме: сот шешімінің көшірмесі.

Төраға **Б.Қожахметов**

Орынд.: Даниярқызы Д
тел.: *8 707 270 25 12, 728-2465@sud.kz*

Аппарат акима Кегенского района Алматинской области - Мамырбекова Ж.Б.
Документооборот -
Құжатты жасаған: ДАНИЯРҚЫЗЫ Д., 8 707 270 25 12, 728-2465@sud.kz
Құжатқа қол қойылған: КОЖАХМЕТОВ Б. А., 29.07.2025 19:19
ҚР Жоғарғы соты Төрелік АЖ ЭСК тексеру нәтижесі он
1912-25-5-29/9427 29.07.2025

Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2025 жылғы 19 маусым №1912-25-00-2/1186 Қонаев қаласы
Алматы облысы

Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Б.А.Қожахметов,
сот отырысының хатшысы Д.Даниярқызын ала отырып,
ашық сот отырысында қойылған талаптар бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Кеген ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «AVG» атынан әрекет ететін Аекеева Багила Тохтагуловна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану
2.Тұрақсыздық айыбын өндіру

СОТ ОТЫРЫСЫНА ҚАТЫСУШЫЛАР:
прокурор Калымбекулы А.
талап қоюшының өкілдері Сарыбаев Д.Н., Орынбасар Б.

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2025 жылғы 31 наурызда «Кеген ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Мекеме, тапсырыс беруші) мен жеке кәсіпкер «AVG» атынан әрекет ететін Аекеева Багила Тохтагуловна (бұдан әрі – Кәсіпкер, өнім беруші) арасында тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы №34 шарт (әрі қарай – Шарт) жасалынған.

Шарт бойынша Өнім беріші Шарт жасалған сәттен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде 2 дана Планшет Тапсырыш берушіге жеткізуге тиіс болған. Шарттың жалпы сомасы 1 657 400 тенгені құрайды.

Алайда, Кәсіпкер өзіне алған міндеттемені орындамаған, тауарды жеткізбеген.

Шарт 2025 жылғы 27 мамырда бір жақты Тапсырыс берушімен бұзылған.

Мекеме жоғарыда аталған талап қоюмен сотқа жүгініп, арызда Өнім беруші Шарт бойынша алған міндеттемені орындамағаны үшін, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тануды, одан 46407 теңге көлемде тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған.

Жауапкер талап қоюға пікір ұсынбады.

Сот отырысына талап қоюшының өкілі талап қоюды толығымен қолдап, оны қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарлансада сот отырысына қатыспады, оның себебін хабарламады. Сот оның қатыспау себебін дәлелсіз деп танып, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодекстің 196 бабы 4 бөлігіне сәйкес істі оның қатысуынсыз қарады.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№1 талап бойынша

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі- АК) 272-ші бабына сай, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда-іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Сондай-ақ, АК-тің 277-ші бабының 1-ші бөлігіне сай, егер міндеттемеде ол орындалатын күні немесе ол орындалуға тиісті уақыт кезеңі көзделсе немесе анықтауға мүмкіндік берсе, міндеттеме сол күні немесе тиісінше сол кезең ішінде кез келген уақытта орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның 8 бабы 4 тармағы 4) тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Іс құжаттарына сәйкес, жеке кәсіпкер «AVG» Мекемемен Шарт жасасып, 2025 жылдың 16 сәуіріне дейін Тапсырыш берушіге тауар жеткізуге міндеттелген.

Алайда, жауапкер жоғарыда көрсетілген Шарт бойынша өзіне алған міндеттемені орындамады, тауар жеткізілмеді.

Заңның 8 бабы 4 тармағының талаптары бойынша, өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілерді тапсырыс беруші шарт бұзылған не шарттың қолданылу

Құжатқа қол қойылған: Кожахметов Б. А., 22.06.2025
Заңды күшіне енгізу күні: 22.07.2025, Сулья Кожахметов Б. А., 28.07.2025
1912-25-3-1/1270

мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшы тарапынан жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде тану туралы талап қоюын Заңның талабына сәйкес Шарт бұзылған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей берілген.

Істің мұндай тұрғысында, сот дәлелдемелердің жиынтығын бағалай келе, талап қоюшының уәжімен келісіп, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талабын заңды және негізді деп табады, сондықтан қанағаттандыруға жатады.

№2 талап бойынша

Заңының 43 бабы 24 тармағына сәйкес, өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша қабылдаған міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда, тапсырыс беруші тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) өндіріп алуды қамтамасыз етеді.

Тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) тиісті бюджет, мемлекеттік кәсіпорын, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлға немесе олармен үлестес заңды тұлғалар кірісінің есебіне жатқызылады.

Шарттың 7.3 тармағына сәйкес жұмыстарды орындау мерзімін өткізіп алған жағдайда Тапсырыс беруші Орындаушы міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда Орындаушыдан мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) ұстап қалады (өндіріп алады) немесе міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда орындалмаған міндеттемелер сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) ұстап қалады (өндіріп алады).

Талап қоюшы жауапкерден Шарттар бойынша қабылдаған міндеттемелерін орындамағаны үшін 46407 теңге көлемінде тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған.

Сот отырысында анықталғандай, жауапкермен Шарт бойынша алған міндеттеме орындалмаған. Сол себептен талап қоюшының 46 407 теңге көлемінде тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы қанағатандыруға жатады.

АПК-нің 117-шы бабының 1-ші бөлігіне сай, жауапкерден мемлекет пайдасына 3358 тенге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Құжатқа қол қойылған: Кожахметов Б. А., 22.06.2025
Заңды күшіне енген күні: 29.07.2025, сулья Кожахметов Б. А. 28.07.2025
1912-25-3-1/1270

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 223-226 баптарын талаптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Кеген ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер «AVG» атынан әрекет ететін Багила Тохтагуловна Аекееваға қатысты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану, тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «AVG» атынан әрекет ететін Аекеева Багила Тохтагуловна мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «AVG» атынан әрекет ететін Багила Тохтагуловна Аекеевадан мемлекет пайдасына 46 407 (қырық алты мың төрт жүз жеті) теңге тұрақсыздық айыбы, 3358 (үш мың үш жүз елу сегіз) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге наразы жақ Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 403, 404 баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Алматы облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхат келтіруге ерікті.

Судья **Қожахметов Б.А.**

Құжатқа қол қойылған: Кожахметов Б. А., 22.06.2025

Заңды күшіне енген күні: 29.07.2025 судья Кожахметов Б. А. 28.07.2025

Судопроизводство